

«Ашық тәрбие сағаты»

2013 жылдың 13-ші қарашасында Қ. И. Сатпаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Университетінің Өндірістік инженерия институтының Көтеру - тасымалдау машиналары және гидравлика кафедрасының 3 курс, қазақ тобының студенттерімен эдвайзер Сарина Алма Амантаевна «Ақиық ақын – Мұқағали Мақатаев» тақырыбына ашық тәрбие сағатын өткізді.


Мақсаты мен тәрбиелік мәні: Мұқағали Мақатаевтың өмірімен таныстыру, ақын шығармаларының идеялық - көркемдік мазмұнын ашу, өлеңді мәнерлеп жатқа оқуға дағдыландыру. Талантты тұлғаның қайталанбас қасиеттерін студенттердің арасында насихаттау, ақынның жүрекке жеткен әндерін көңілдерге тоқу.

Жеке тұлғаны жан - жақты рухани болуға тәрбиелеу, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге тәрбиелеу, студенттерді шығармашылыққа, ізденімпаздыққа баулыды.



Мұқағали Мақатаев

"Ал енді мен ақыл айтам..." (үзінді)



Ал енді мен ақыл айтам,
Ақыл айтам, таңданба.
Қорлық үшін келген жоқсың мына өмірге,
Жалғанға.

Мына өмірде, жүрегіңде,
Бойыңда ыстық қан барда,
Болмысты да, болмасты да,
Болады деп арманда!

Ал енді мен ақыл айтам,
Ақыл айтам, таңданба!
Мәзіріңе, әзіріңе әулекі боп,
Алданба!
Шығатұғын күндерге де,
Ататұғын таңдарға,
Үмітпенен қарағайсың, жүрегіңде жан барда.



Топтағы барлық студенттер бұл ашық сабақта өздерінің қызығушылығы мен белсенді дайындалып қатысты. Нәтижесінде тәрбие департаментінің басшылығы «өте жақсы» бағасымен бағалады.

«КТМ және Г» кафедрасының әдвайзері

Сарина Алма Амантаевна